

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңеске қатысушы елдердің сыртқы істер министрлерінің кездесуін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қыркүйек N 1320

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 1999 жылдың 14 қыркүйегінде Алматы қаласында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңеске (бұдан әрі - АӨСШК) қатысушы елдердің сыртқы істер министрлерінің кездесуін өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) қажетті құжаттарды дайындасын және АӨСШК-ге қатысушы елдердің сыртқы істер министрлері кездесуінің бағдарламасын әзірлесін;

2) хаттамалық іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың кездесуге қатысуы үшін қажетті материалдарды дайындасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының негізделген шығыс сметалары мен растайтын құжаттарды ұсынуы бойынша республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражаттың есебінен АӨСШК-ге қатысушы елдер сыртқы істер министрлерінің кездесуін өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) кездесуге қатысушыларды орналастыруды, көліктік қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі әуежайда, тұратын және баратын жерлерінде қатысушы елдер делегацияларының қауіпсіздігін, сондай-ақ жүру бағыттары бойынша ілесіп жүруді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм

министрлігі белгіленген тәртіппен қатысушы елдер делегацияларының арнайы ұшақтарына қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Алматы қаласының әкімі әуежайды, жүру бағыттарын және кездесулер өткізілетін жерлерді тиісінше безендіруді қамтамасыз етсін.

8. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК